ҚР БҒМ «Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» ШЖҚ РМК президенттің м.а. 2022 жылғы «16» ____ № 244/ө бұйрығына 1-қосымша

**Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің құрамы**

| № | Аты-жөні | | Лауазымы |
|---|---|---|---|
| 1 | Пұсырманов Нұрбек Серікұлы | - | Ғылым бойынша вице-президент, PhD, ғылыми-әдістемелік кеңесінің төрағасы |
| 2 | Медетов Нурлан Амирович | - | Вице-президент, физика-математика ғылымдарының докторы |
| 3 | Чокушева Алия Иагалиевна | - | Орта білім мазмұны институтының директоры, PhD |
| 4 | Сайлыбаев Акимжан Абдыкалыкович | - | Дидактика зертханасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты |
| 5 | Жумагулова Зауре Абдыкеновна | - | Дидактика зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, PhD |
| 6 | Ахметова Ботагоз Саликовна | - | Психология, тәрбие және тұлғаны дамыту орталығының жетекші сарапшы, биология ғылымдарының кандидаты |
| 7 | Сагиндиков Исатай Умирзакович | - | Педагогикалық квалиметрия және халықаралық зерттеулер орталығының директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты |
| 8 | Мукашева Манаргуль Умирзаковна | - | Білім беруді цифрландыру зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент |
| 9 | Бутабаева Лаура Аскаровна | - | Инклюзивті білім беру орталығының директоры, PhD |
| 10 | Райымбекова Жанат Ахатовна | - | Кәсіби білім беру мазмұнын трансформациялау зертханасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11 | Аманғосов Еркебұлан Русланбекұлы | - | Стратегия, ғылым және талдау орталығының директоры, әлеуметтану магистрі |
| 12 | Ескалиев Самат Амангельдинович | - | Қоғамдық-гуманитарлық бағыты пәндерінің зертханасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент |
| 13 | Мухамедханова Алмагуль Кенесхановна | - | Үздіксіз кәсіби білім беру институтының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты |
| 14 | Ногайбаева Гулбаршин Аскеновна | - | Инклюзивті білім беру орталығының бас сарапшысы, PhD дәрежесіне ізденуші |
| 15 | Жанабилова Диана Жакселековна | - | Бас ғалым хатшы, PhD дәрежесіне ізденуші |

ҚР БҒМ «Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы» ШЖҚ РМК
президенттің м.а. 2022 жылғы «16» маусым
№ ___ бұйрығына 2-қосымша

## Ғылыми-әдістемелік кеңес ережесі

### 1. Жалпы ереже

1. Академияның Ғылыми-әдістемелік кеңес ережесі (бұдан әрі – Кеңес) «Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – Академия) Ғылыми-әдістемелік кеңесінің мәртебесін айқындайды, оның құрылымын, қалыптастыру тәртібін, құзыреттерін, өкілеттік мерзімі мен жұмыс регламентін белгілейді.

2. Кеңес – ғылыми, ғылыми-әдістемелік басылымдар мен әдебиеттердің жоғары сапасын қамтамасыз ету мақсатында құрылған, тұрақты жұмыс істейтін сараптамалық-кеңесші алқалы орган.

3. Кеңес өз жұмысында Қазақстан Республикасының заңнамаларын, Академия Жарғысы және осы Ережені басшылыққа алады.

### 2. Кеңестің құрамы мен ұйымдастыру тәртібі

4. Кеңес мүшелерінің құрамына: ғылым докторы / кандидаты / PhD дәрежесі бар вице-президенттер, институттар мен орталықтардың басшылары, сондай-ақ ғылым жөніндегі вице-президенттің ұсынуы бойынша Академия қызметкерлері кіреді.

5. Кеңес құрамы Академия президентінің бұйрығымен бекітіледі.

6. Кеңес жұмысы тиісті жылға әзірленетін бекітілген жоспар негізінде ұйымдастырады.

7. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Академия жарғысында өзгеше белгіленбесе, Кеңес шешімдері Кеңес отырыстарына қатысып отырған мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады, кеңес мүшелерінің жалпы санынан кемінде үштен екісі қатысып отырса, онда шешім қабылдау үшін кворум құралады.

8. Жоғары сападағы өнімді қамтамасыз етуде пәндік салалар бойынша Кеңеске сыртқы тәуелсіз сарапшылар ғылыми бейініне сәйкес шақырылады.

### 3. Кеңестің өкілеттілігі

9. Кеңес:

1) Академияның ғылыми-әдістемелік ұсынымдарының жылдық жоспарын әзірлейді және бекітеді;

2) құрылымдық бөлімшелердің, бөлім мен орталық басшыларының, жұмыс топтары немесе ұжым басшыларының және жекелеген ғылыми қызметкерлердің ғылыми және/ немесе әдістемелік әзірлемелер мен өзге де әдебиеттердің нәтижелері туралы есептерін тыңдайды;

3) ғылыми және әдістемелік әзірлемелерді, сараптамалық есептерді, материалдар жинақтарын басып шығаруға ұсынады.

## 4. Кеңестің құрылымы

10. Академияның ғылым бойынша вице-президенті Кеңес төрағасы болып табылады.

11. Кеңес мүшелерінің құрамынан төраға өзінің орынбасарын тағайындайды, ол төраға болмаған кезде оның өкілеттігін жүзеге асырады.

12. Академияның бас ғалым хатшысы Кеңестің хатшысы болып табылады және мынадай міндеттерді атқарады:

1) Кеңес отырысын ұйымдастырады;

2) Кеңестің күн тәртібін әзірлейді және оны Кеңес төрағасының бекітуіне ұсынады;

3) Кеңес мәжілісінің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша іс-қағаздарды үйлестіреді;

4) құжаттар мен ақпараттардың Кеңес мүшелеріне уақтылы жетуін қамтамасыз етеді;

5) Кеңес отырысы хаттамаларының жобаларын, анықтамалар мен хаттамалардан үзінділер дайындауды қамтамасыз етеді.

6) Кеңес шешімдерінің орындалуы туралы Кеңес төрағасы мен орынбасарларына уақытылы хабарлайды;

8) Кеңестің жұмыс жоспарының орындалуы және ол қабылдаған шешімдер туралы отырыста баяндайды.

13. Кеңестің хатшысы көрсетілген міндеттерді орындау үшін құрылымдық бөлімшелердің басшыларынан, институттардың ғылыми хатшыларынан Кеңес ұйымдастыруға қажетті ақпарат пен құжаттарды сұратуға құқылы.

14. Кеңес мүшелері:

1) Кеңестің жылдық жоспарына ұсынымдар әзірлейді;

2) талқылауға қатысады, отырыста талқыланатын мәселелердің мәні бойынша ұсыныстар, ескертулер мен түзетулер енгізеді;

3) Кеңес жұмысының тәртібіне қатысты түзетулер енгізеді;

4) Кеңес отырыстарының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша алдын ала материалдармен танысады;

5) Кеңес мәжілісінде қаралатын мәселелерді талқылауға және шешім қабылдау кезінде дауыс беруге қатысады;

6) ғылыми-зерттеу материалдары, ғылыми-әдістемелік әзірлемелер, мемлекеттік тапсырыстар және басқа да жұмыс түрлері бойынша сараптамалық қорытындылар береді.

15. Академияның ғылыми әлеуетін арттыруға байланысты ғалымдардың кандидатурасын әртүрлі марапаттарға ұсыну жөнінде Кеңес мүшелері ұсыныстар енгізуге құқылы.

## 5. Кеңес шешімдерін рәсімдеу тәртібі

16. Кеңес шешімі хаттамамен рәсімделеді.
17. Хаттамаға Кеңес төрағасы мен ғылыми хатшысы отырыс өткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қол қояды.
18. Кеңестің хатшысы Кеңес отырысы хаттамасының көшірмелерін академияның құрылымдық бөлімшелеріне, Кеңес шешімдерін орындауға жауапты – кеңес мүшелеріне хаттамаға қол қойылған күннен бастап ұсынады.
19. Кеңес хаттамасының түпнұсқасы, сондай-ақ мәжілісте баяндалған материалдардың барлығы Кеңес хатшысында сақталады.
20. Кеңес отырысы хаттамалары, сондай-ақ олардың құжаттары тұрақты сақталуға жатады. Академияның бас ғалым хатшысы белгіленген тәртіппен Кеңес құжаттарын мұрағаттық сақтауға жібереді.

## 6. Кеңес қызметін тоқтату тәртібі

21. Кеңес қызметін тоқтату туралы шешімді Академия президенті қабылдайды.